



Ақмешіт

31 шілде
сенбі

№60 (1762)

2021 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ



ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ ҒАНИБЕК ҚАЗАНТАЕВТЫҢ ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНА ҮНДЕУІ

Құрметті қызылордалықтар, қадірменді жерлестер!

Әлем зауалды кезенді бастан өткеруде. Күрделі сынаққа төтеп беруде тың жолдар таңдалса да, індет уақытты ырыққа көндіріп, түрлене түсті. Өткен жылдағыдай емес, бүгінгі күрес коронавирустың бірнеше түріне бағытталды. Бұл қауіптің күшейгендігін тағы да айқындады.

Қазақта «Сактансаң, сактайды» деген сөз бар. Вирусты жеңудің мақсатты жолы – гигиеналық тазалық және үйден шықпау. Той-дұмандарға, халық көп шоғырланатын жерлерге бармау – өз өміріңді сақтау, өзгенің өміріне де қауіп төндірмеу. Вакцина қабылдап, қарапайым ережелерді орындау. Пандемияны жеңудің бұдан басқа жолы жоқ.

Коронавирус індетінің таралу жағдайы алаңдатарлық. Барлық жерде қатаң шаралар, оның ішінде, локдаун тәртібі қайта қабылданып жатыр. Біз пандемияның алғашқы толқынынан сабақ алдық деп ойлаймын. Сондықтан бейқам жүріс пен той-томалақтар өткізуді, сауық-сайран құрып, отбасылық іс-шараларға көп адамды шақыруды доғарғанмыз дұрыс. Тиісті мемлекеттік органдардың талаптарына құлақ асып, эпидемиологиялық ахуалды барынша бәсеңсітуге жәрдемдескеніміз жөн.

Пандемия басталғалы әлеуметтік желілерде түрлі алып-қашпа әңгімелер көбейді. Сан алуан пікірлерде қарама-қайшылықтар туындап, қарапайым халықтың бойында күмәнді ойлар туындай бастады. Тіпті әлем ғалымдары дәлелденген вакцина салдыруға сенімсіздік пайда болды. Сондықтан бұндай жөнсіз жазбалардан аулақ болуларыңызды сұраймын. Нақты, дәйекті ақпараттарды тек ресми ақпарат көздерінен алып, бір-бірімізге түсіністікпен қарайық.

Алда балаларымыздың оқу орнына, білім ұясына оралар кезеңі. Осы бастан тиісті санитарлық шараларды бұлжытпай орындар болсақ, дәстүрлі оқуға көшіп, мамыражай күнге жетеміз. Сенім алға жетелейді, келер күнге үмітпен қарап, дәрігер-мамандардың кеңесіне құлақ асайық. Бір болсақ, барлығын да еңсереміз.

ДЕНСАУЛЫҚ

ІНДЕТ КҮШЕЙІП ТҮР



Бүгінде Қызылорда облысы «қызыл» аймақта. Әлемді жайлаған індетті ауыздықтау мүмкін болмай тұр.

Осыған орай облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен КВИ жағдайы бойынша жедел штаб отырысы өтті. Штаб отырысында аймақтағы эпидемиологиялық жағдайды жақсарту мәселелері талқыланды.

3 БЕТТЕ

МӘСЕЛЕ



Өткен жылғы БҰҰ-ның Азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымының баяндамасындағы мәлімет елең еткізбей қоймады. Онда болашақта су тапшылығынан әлемде 3 млрд-тан астам адам зардап шегетіні жазылған. Сарапшылар мұны халық санының өсуімен байланыстырады.

СУ БОЛАШАҚТЫҢ ВАЛЮТАСЫ МА?

Халық саны өсті. Алайда жан басына шаққандағы пайдаланатын тұщы су қоры 20 процентке азайған. Су тапшылығы әлем бойынша әсіресе, Солтүстік Африка мен Батыс Азияда қатты сезілуде. Жалпы су тапшылығы әлем елдерін алаңдатып отырған мәселе. Соңғы жылдары әлемде суды көбірек тұтыну өсе түскен. Сарапшылар халық санының өскенімен бөлек, адамдардың жақсы өмір сүруге ұмтылысы, диеталық тағамдарға бет бұра бастауы да суды көбірек тұтынуға әсер еткенін айтып отыр. Бір қарағанда тым қарабайыр себеп сияқты көрінгенмен, бұл кейбір елдегі су тапшылығы мәселесіне айналуы мүмкін. Сарапшыларатап көрсеткендей, халқы тұтыну районын өзгерткен, яғни ет өнімі мен дәнді дақылдарды күнделікті жиі пайдалануға бет бұрған Бразилия, Қытай, Индия елдерінде күнделікті су тапшылығы сезілуде және бұл мәселе көкейкесті проблемаға айналуы мүмкін. Сонымен қатар ауылшаруашылығы саласы, мал шаруашылығымен айналысатын елдер үшін су жылдан жылға қат дүниеге айналуы мүмкін. Мамандар алдын ала болжағандай, алдағы уақытта барлық егістік жерлердің шамамен 11 проценті және барлық жайылымдардың 14 проценті құрғақшылыққа ұшырайды, ал суармалы егістік жерлердің 60 проценті су тапшылығына тап болады. Осы орайда әлем үшін назар аударарлық жаңалықтың бірі АҚШ су фьючерсімен сауда жасай



бастады (Фьючерс – уағдаласылған сұрыптағы тауарды белгілі бір мөлшерде келісілген бағамен көрсетілген кезең бойынша жеткізу жөніндегі келісім-шарт). АҚШ-тың мұндай қадамға баруы соңғы кезде жиі қайталанған орман өртертері және Калифорниядағы құрғақшылық әсер еткен. Осылайша өткен жылы су саудасаттығы Чикаго биржасында ресми түрде басталды. Осыдан кейін сарапшылар бұл судың валютаның жаңа түріне айналуға жасалған қадам емес пе деген болжам жасай бастады. Француз суретшісі Фабьен Бушар бұл жағдайды өз шығармашылығына арқау етті. Су тамшысын бейнелеу арқылы көпшілікке су банкнотын ұсынып, «Су бағасы» деп атады. Суретші бұл туындысына «су да алтын сияқты сенімді инвестицияға айналады» деп пікір білдірген.

2 БЕТТЕ

КӨМЕК

АРАЛҒА 1,7 млрд теңге бөлінді

Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушы Ербол Қарашөкеев Қызылорда облысына келді. Ең алдымен құрғақшылықтан зардап шеккен, төтенше жағдай жарияланған Арал ауданына ат басын бұрып, жергілікті халықпен және шаруашылық басшыларымен кездесті. Онда мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан көмектерге тоқталып, аймақтағы мал азығы мәселесінің шешілу жолдарын пысықтады.

2 БЕТТЕ



СПОРТ

ҮМІТ МОЛ, БӘСЕКЕ КҮДІК БАСЫМ



Қазаққа төрт жылда бір келетін байрақты бәсеке – Токио Олимпиадасынан әзірге алтын бұйырмай тұр. Тіпті кейбір жанкүйер бокстан өзге спорт түрінен Қазақстан құрамасының үздік атануына күдікпен қарауға көшкен. Мұндай пікірдің қордалануы бастапқы сәтсіздік түрткі болса керек. Себебі жарыстың алғашқы күні-ақ ұлттық құрама спортшылары үсі-үсіне жеңіліс тауып, қоғамда келер жеңіске деген сенім сөгіне түсті. Алайда үміт те жоқ емес. Әсіресе, дүбірлі долада қазақстандық балуандар, жеңіл атлетшілер мен боксшылардың жүлделі ораларына ел сенімі жоғары. Осыған орай өткен аптада бастау алған долада Қазақстан қандай нәтижеге тұрақтағанын сараптап көрейік.

4 БЕТТЕ

Биыл еңсезімді тіктеп, егемен ел атанып, Тәуелсіздік туын желбіреткеніміз – 30 жыл. Ширек ғасырдан астам уақытта Қазақстан қанша биік белестерді бағындырды. Ауыз толтырып айтарлықтай толағай табысқа жетті. Десе де еттеген-ай тұстары да бар. Кеңес заманынан бері әлі күнге дейін өз шешімін таппай келе жатқан түйткілді мәселе де жетерлік. Атап айтсақ, тегіміздегі «ева», «ова», «ев», «ов» жұрнақтарынан ажырай алмай келеміз.

ТЕГІҢІЗ ҚАЗАҚША МА?

Әрине, бұл мәселе бүгін ғана көтеріліп отырған жоқ. Мәселен, ұлт зиялысы Әлихан Бөкейхан өз заманында: «Қазақтың аты-жөнін орыс халқына еліктеп, «ов», «ев» деп жазу тоқтатылсын! Бұдан былай қазақ азаматтары өз тегін «ұлы», «қызы» деп аяқтаса, санамыздың ұлттың мүддесіне қарай өрістері хақ!», – деп ұрандаған екен. Бір өкініштісі содан бері қанша жыл өтсе де, аты-жөнімізге

жалғанған жұрнақтан құтылған жоқпыз. Бүгінде тегімізді қазақшалауға ешкім келергі келтіріп отырған жоқ. Керісінше Ата Заңда әр азаматтың өз калауына қарай тандау құқығы берілген. «Ақмешіт апталығы» газетінің 1996 жылы 2 сәуірдегі санында «Ұлты қазақ азаматтардың тегі мен әкесінің атын жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы» ҚР Президентінің

Жарлығы жарияланып, содан кейін ата-тегімізді қазақшалау жөніндегі мақалалар нөмір сайын жарияланып отырған. Сол кезде редакция ұжымы да газетке аты-жөнін қазақшалап жазуды дәстүрге айналдырды. Газеттің бұл бастамасы талайға өз тегін қазақша жазуға әсерін тигізгені сөзсіз. Ал қазір не келергі?

2 БЕТТЕ



THE WALL STREET JOURNAL.

ҚЫТАЙ КІМДІ ЖАҚТАЙДЫ?

Байқасақ, соңғы уақытта «Әбігер әлем» айдарымен жарияланған мақалалардың басым дені тәліптердің іс-қимылына арналыпты. Басылым бетінде Ауғанстан жағдайы мен әскери шешім, НАТО сарбаздарының сегінуі мен ахуалдың Орта Азияға ықпалы тұрақты қауалды. Оқырман да ондағы қоғамдық көңіл-күй, қарулы шабуыл, мүдделер қақтығысына қаныққан болар. Сондықтан кезекті тарқатар тақырып ауанын өзге өңірге бұруды жөн көрген едік. Алайда апта басындағы Чоу Дэннің «The Wall Street Journal» газетіне жарияланған сараптамасы тағы да тәліптер тақырыбына оралуға түрткі болды. Себебі бұл жолғы ақпараттың салмағы басым, айтары мол. Тіпті салдары Таяу Шығыс тұрмақ, Орта Азия мен ислам әлемінің даму деңгейін түбегейлі өзгертуі ықтимал.



Мақала өзегі – Қытай мен тәліптер байланысы. Сейсенбіде Қытайдың Сыртқы істер министрі Ван И мен «Талибан» ұйымының белді өкілі Абдул Ғани Барадар кездесіп, келіссөз жүргізді. Әзірге лаңкестік ұйым мен Қытай арасында қандай екіжақты жобалар қозғалғаны белгісіз. Дегенмен Ауған жеріндегі дауға қытайлықтардың араласуы, оған қоса тәліптерді арнайы шақыруы алда жана саяси комбинацияның жүзеге асарын аңғартып тұрғандай.

«АҚШ әскерінің Ауғанстан аумағынан кетер сәті таяған сайын Қытай билігі белсенділігі таңытуда. Сәрсенбі күні Қытайдың Сыртқы істер министрі Ван И «Талибан» ұйымының делегациясымен кездесу ұйымдастырды. Қытайдың солтүстік-шығысындағы Тяньцзинь қаласында өткен басқосуға тәліптер тарапынан молда Абдул Ғани Барадар қатысқан. Келіссөз барысында министр тәліптерді лаңкестік топтардан аулақ болуға, бейбітшілікті сақтауға шақырды. Ван И «Талибан» ұйымын Ауған жеріндегі ықпалды топ деп атап, мемлекетті қалпына келтіруге қауқарлы күш екенін жеткізді. Осы арқылы Қытай билігі АҚШ әскері кері қайтқан шақта аймақтағы негізгі басымдықты өзіне алатынын білдірген.

Осы ретте сәл шегініс жасап, кездесудің саяси салмағы мен қос тараптың атынан шыққан тұлғаларға тоқтала кетейік. Бұл тегін емес. Басқосудағы барлық қалтарыс детальдарды талдағанда ғана әлемдік БАҚ-тың оқиғаға нәзіктен ерекше назар аударғанын, келешек мән-маңызын жете түсінуге жол ашылмақ.

Алдымен кездесудің деңгейінен бастайық. Жыл басында тәліптер Мәскеуде келіссөз өткізгені мәлім. Онда Ресей Федерациясынан президенттің баспасөз хатшысы Дмитрий Песков, тәліптер тарапынан Шахабуддин Делавар қатысқан еді. Бұл кездесудің аса бір салмағы болмағандықтан кейіннен лаңкестер атынан айтылған уәде мен мәлімдемелердің басым бөлігі шала күйінде қалған-тұғын. Оған тәліптердің орыстарға арқа сүйеуге аса құлықты болмағаны себеп болса керек. Олай дейтініміз, кездесуге ұйымның көшбасшылары емес, «тәліптер иерархиясындағы екінші санатты» Шахабуддин Делавар секілді өкілдердің келуі-ақ аңғартқан. Ал Қытайда өткен кездесудің жолы бөлек. Мұнда қатардағы шенеунік емес, Қытай атынан сөйлеуге құзиреті министр Ван И мен «Талибан» ұйымының негізін қалаушылардың бірі Абул Ғани Барадар кездесті.

Оқырманға түсінікті болу үшін қос өкілдің саяси сахнадағы позициясы мен ықпалына көз жүгірттейік. Мәселен, Сыртқы істер министрі Ван И АҚШ, Ресей, Ұлыбритания, Иран секілді мемлекеттер мен БҰҰ, НАТО сынды ұйымдар алдында Қытайдың мүддесін «жан шыққанша» қорғайтын әккі дипломат есебінде таныс. Сондықтан дәл Ван Идің басқосуға баруы қос тараптың шынайы ынтықсын білдіреді. Ал Абдул Ғани Барадар болса, Мұхаммед Омарға «Талибан» лаңкестік ұйымын құруға жәрдемдескен екі ықпалды содыр. Интернет оны іс жүзінде ұйымдағы қолында билігі бар ел танымал лаңкес деп көрсетуде. Міне, кездесудің салмағы мен мәні енді ашыла бастағандай...

4 БЕТТЕ

СУ БОЛАШАҚТЫҢ ВАЛЮТАСЫ МА?

Мамандар Калифорниядағы су тапшылығын халқы тығыз орналасқан ауыл шаруашылықты аймақ екендігімен байланыстырады. Судың 50-60 процентін ауылшаруашылығы саласына жұмсайтын калифорниялықтар үшін су тапшылығы жылдан-жылға арта түспесе, кемірек емес. Төтенше жиі орын алатын Калифорнияда суға деген сұраныс мөлшері жыл сайын арта түспек. Осыдан келіп бұл елде су нарығындағы жағдай өзгерген. Бұл инвесторларға мүмкіндік берді. Мамандар мұны жақсы идея деп бағалайды. Су фьючерстері фермерлерге су шығынын жоспарлауға, түрлі тәуекелдерден сақтандыруға мүмкіндік береді екен. Әрине, бұл барлық елге бірдей емес. Су нарығында әр ел өзінің әлеуметтік-экономикалық логикасы арқылы шешім қабылдайды. Әр ел су ресурсының бағасын өзі анықтайды. Бір сөзбен айтқанда, сарапшылар пікірі осыған саяды.



аймақ үшін көп су қажет ететін дақылдардан, су үнемдейтін дақыл егуге көшу немесе басқа да өндіріс саласында су шығынын есептеу маңызды. Сол себепті де суға жанаша ғылыми көзқарас қажет. Бұл орайда белгілі су маманы, Қазақ КСР Мелиорация және су шаруашылығы министрі қызметін атқарған Нариман Қыпшақбаев әлемдік су мәселесіне жаңаша көзқарас және білікті кадрлар қажет екенін айтады. ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің сайтында жарияланған маман пікірінен үзінді келтірейік: «Бүкіл әлемдегі су ресурстарының құндылығының дәлелі – экономиканың бірден-бір саласы суысз өмір сүре алмайтындығына. Кез келген аймақтың суысз өркендеуі мүмкін емес. Сондықтан су үнемдеуі тұрғындарының ерекше мұқият назар аударуы, басқарудың ең озық технологияларын енгізуді, есепке алуды және су ресурстарын қорғауды қажет етеді. Сонымен қатар бүкіл әлемдегі тұщы судың көлемі тұрақты құндылық және суға деген сұраныс жыл сайын арта береді. Сондықтан кез келген мемлекет бұл мәселемен тұрақты айналысуы қажет. Бұл үшін қазіргі заманғы технологиялар туралы білімі бар және экономикалық, экологиялық тепе-теңдікті сақтау шарымен су мәселесін шешуге қабілетті, жан-жақты ойлай алатын кадрлар қажет», – дейді.

P.S. Әлемдік жағдай, елдегі құрғақшылық пен су тапшылығы бұл салаға жаңаша көзқарас қажет екенін дәлелдей түсті. Бұл ретте ғылыми тұрғыдан шешім қабылдау маңызды.

Гүлмира ДИЛДӘБЕКОВА

Басы 1-бетте

6 ЖАҢА МЕКТЕП ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ

Облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова қала аумағындағы «Саяхат» шағын ауданында инвестордың есебінен салынып жатқан «Ұлағат білім ордасы» мектебінің құрылысымен танысты.



Жеке кәсіпкердің қаржыландыруымен бой көтеріп жатқан 348 орындық мектеп биыл 1 қыркүйекте «саяхаттық» оқушылардың игілігіне пайдалануға берілімек.

Айта кету керек, шағын аудан тұрғындары осыған дейін мектеп тапшылығының зардабын тартып келген болатын. Тұрғындар қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында заман талабына лайықталып салынып жатқан білім үйі жаңа оқу жылынан бастап қаланың солтүстік аумағының оқушыларына сапалы әрі ақысыз білім беру жұмысын үйлестіреді, сонымен қатар оқушыларды автобустармен тасымалдау, арнайы үйірме секілді қызметтерді тегін көрсететін болады.

Қазіргі таңда аймақта инвесторлардың жеке қаражаты есебінен салынған 10 білім беру нысаны тұрақты жұмыс жасауда. Жыл аяғына дейін «Nur Otan» партиясының жол картасын жүзеге асыру мақсатында 6 жаңа мектеп пайдалануға беріледі.

АУДАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ЖАЛАҒАШ КЕНТІ ТАБИҒИ ГАЗҒА ҚОСЫЛДЫ

Биыл Жалағаш ауданында өнеркәсіп өнімі 5 млрд теңгеге өндіріліп, өткен жылмен салыстырғанда 1,9 есеге өскен. Ал өңдеу өнеркәсібі 3,9 млрд теңгеге орындалып, 2,2 есеге артқан. Жыл басынан бері мемлекеттік бағдарламалар арқылы шағын және орта кәсіпті дамытуға 1 млрд 557,8 млн теңгеге 126 жоба қаржыландырылып, 171 адам жұмыспен қамтылды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте аудан әкімі Асылбек Шәменов баяндады.



«Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасы аясында екінші деңгейлі банктердің облыстық филиалдары арқылы 21 жоба 253,4 млн теңгеге қаржыландырылып, проценттік мөлшерлемесі бағдарламаның шартына сәйкес субсидияланды. Оның ішінде 11 жоба 99,4 млн теңгеге ішінара кепілдендірілді. Ал «Еңбек» бағдарламасы аясында 36 жоба 146,7 млн теңгеге, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ облыстық филиалының жеке қаражаты есебінен 3 жоба 47,6 млн теңгеге қаржыландырылған. Бұдан бөлек, «Агробизнес» бағдарламасы аясында «Ауыл» несие серіктестігі арқылы 25 жоба, «Сырдария-1» несие серіктестігі арқылы 12 жоба қолдау тапты. «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында 3 жоба егін ету жұмыстарын жүргізуге бағытталды, – деді аудан әкімі.

Биыл ауданда жүзеге асырылған маңызды әлеуметтік жобалардың бірі – Жалағаш кентін газдандыру. Жалпы құны 3 млрд 691 млн теңгені құрайтын жоба үш жыл бойы атқарылып, биыл толық пайдалануға берілді. Бүгінде 295 тұрғын үйге газ желісі тартылып, одан 65 үйге «көгілдір отын» берілді. Алдағы уақытта ауылдарды орталықтандырылған газ желісімен қамтамасыз ету қолға алынады. Қазір Ақсу елді мекенін газдандыру үшін жоба-сметалық құжат әзірлеу аудандық бюджеттен 9,2 млн теңге қаржы бөлінді. Сол сияқты автокөлік жолдарын жөндеу, елді мекендердегі электр желілерін дамыту бағытындағы жұмыстар да кезең-кезеңімен іске асырылып келеді.

ЖЕМ-ШӨП МӘСЕЛЕСІ ШЕШІМІН ТАБУДА

Қазалы ауданында ауыл шаруашылығы саласында 4,4 млрд теңгенің өнімі өндірілді. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 2,7 процентке өсті. Бұл салаға жыл басынан бері 403,2 млн теңгеден астам субсидия төленіп, 38,7 млн теңге инвестиция тартылды. Биыл аудан бойынша 17 090 га жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілді.



– Өздеріңіз білетіндей, біздің аудан ауыл шаруашылығына бейімделген аймақ. Биылғы жыл шаруалар үшін қиын жыл болып тұр. Қыста қардың аз түсуі, көктемде жауын-шашын болмауынан Сырдария өзеніндегі су көлемі төмен деңгейде. Еліміздің бірқатар аймақтарында, оның ішінде біздің өңірімізде де қуаңшылық орын алып отыр. Бұл негізгі кәсібі егін және мал шаруашылығы болып табылатын аудан шаруалары үшін үлкен қиыншылық тудырады. Алдын ала жүргізілген есепке сәйкес, мал қыстату науқанына аудан бойынша 142 мың тонна шөп, 28,6 мың тонна жем қажет. Ауданымызға қажетті шөптің 65 проценті, ал жемнің 20 процентін өзіміз қамтамасыз етеміз. Жем-шөптің жетіспеуін бөлігін өзге аудандардан тасымалдау жұмыстарын ұйымдастыратын боламыз, – деді Қазалы ауданының әкімі Мұхтар Оразбаев.

Сондай-ақ аудан аумағында мал азығын қымбаттатпау және мал шаруашылығы өнімдерінің бағасын тұрақтандыру жөнінде аудандық штаб құрылды. Бұған қоса көршілес ауданның шаруа қожалықтарымен шөп дайындауға меморандумға отырған.

– Жақында аудандық штаб отырысы өткізіліп, онда алты шаруа қожалығымен меморандумға қол қойылды. Ауылдық округтерден 15 шөп дайындау бригадасы жасақталынып, қол орпақпен дайындалатын шөп көлемі белгіленді. Сонымен қатар қазіргі таңда «Жалағаш баттар» және «Сыр Маржаны» ЖШС-нен көршілес Арал ауданының тұрғындарынан жасакталған бригадалар келіп, шөп дайындау жұмыстарын жүргізуде, – деді аудан әкімі Мұхтар Оразбаев.

Сонымен қатар жыл басынан бері Ресей, Украина, Қырғызстан, Ирак, Тәжікстан, Моңғолия елдеріне 1 678,2 тонна ауыл шаруашылығы өнімі экспортталды.

«Ақмешіт-ақпарат»

АРАЛҒА 1,7 млрд теңге бөлінді

Министрдің міндетін атқарушы мал азығымен қамтамасыз ету мәселесін шешуді жылдам үйлестіру үшін ауыл шаруашылығы министрлігі жанынан республикалық жедел штаб құрылғаны айта келіп, министрліктің бастамасымен Үкімет деңгейінде іске асырылатын шараларды атады.

– Біріншіден, Үкімет резервінен Қызылорда облысындағы құрғақшылықтан зардап шеккен шаруалардың қыстағына жеткізілетін мал азығының құнын арзандату үшін өткен аптада 1,7 млрд теңге бөлінді. Қазір осы қаражатты барлық шаруа қожалықтарына тамыз айының ішінде жеткізу қажет. Екіншіден, «Азық-түлік келісімшарт» корпорациясы 490 тонна арпаны нарықтағыдан төмен бағамен сатты. Жалпы биыл жемдік астық қорын 370 мың тоннаға жеткізу жоспарымызда бар. Үшіншіден, фермерлердің жем-шөп дайындауына қосымша арзандатылған жанар-жағармай бөлінетін болды. Қазір энергетика министрлігімен барлық мәселелер пысықталды. Тамыз айынан бастап облыстарға сұратылған лимиттері бойынша жеткізілетін болады. Қызылорда облысына 3,8 мың тонна лимит бөлінді, – деді Е.Қарашөкеев.

Оның айтуынша, экология министрлігімен табиғи резерват жерлеріне мал жаю және шөп шабу жөнінде келісім жасалды. Осыған байланысты қорықтардан шөп шабу және мал жаю мәселесі шешілді. Сонымен қатар қазіргі жағдайға байланысты фермерлерге қолдау көрсету үшін мал шаруашылығын дамытуға алған несие төлемдерін кейінге шегеру жөнінде шаралар қабылданады.

– Бұдан бөлек, министрлік тарапынан жақында мал шаруашылығын субсидиялау ережесіне енгізілген өзгерістерге сәйкес облыс бойынша былтырғы жылы мал

Басы 1-бетте



азығына субсидия ала алмай қалған шаруа қожалықтарының резервтегі өнімдері қанағаттандырылатын болды. Бұл мақсатқа облыс бюджетінен 390 млн теңге қаражат та бөлінген. Осы мәселе бойынша ауыл шаруашылығы басқармасы тез арада шешім қабылдауы қажет. Содан кейін басқа өңірлерден мал азығын тасымалдауға темір жол тарифіне арнайы жеңілдіктер беру бойынша «Қазақстан темір жолы» компаниясының шешімі шықты, – деді министрдің міндетін атқарушы.

Тағы бір айта кететін жайт, ауыл шаруашылығы министрлігі мен «Бойгерек» холдингі бірлесіп қосымша мал азығын дайындайтын техника сатып алуды қаржыландыру және суармалы жерді игеруге қажет құрылғыларды сатып алуға несие беру мәселесін де қарастыратын болады.

Е.Қарашөкеевтің айтуынша, Қызылорда облысын мал азығымен қамтамасыз ету үшін ішкі мүмкіндікті толық пайдаланып жағдайды шешуге болады.

– Аудандар бойынша, елді мекендерде шөп шабу бригадаларын құру қажет. Осы екі күн ішінде барлық ауданның жағдайымен танысып, жедел шешуді қажет ететін мәселелерді саралайтын боламыз, – деді ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушы.

Келесі күні Жалағаш, Сырдария, Шиеді және Жаңақорған аудандарын аралап, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілермен кездеседі. Олардың бүгінгі тыныс-тіршілігімен танысып, өтініш-тілектерін де тыңдайды.

«Ақмешіт-ақпарат»

Бұл мәселе осыған дейін де газет беттерінде жиі көтеріліп жүр. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы облыстық филиалының төрағасы Садуақас Аңсақ аты-жөнін қазақшалауды мемлекеттік мекемелердің қызметкерлерінен бастап көрегіні айтады.

– Тәуелсіздік алғанымызда «бұл күнге де жеттік-ау» деп халық қатты қуанды. Сол кезде Тәуелсіздік алған елдер арасында мемлекеттік тіл жөнінде заң қабылданды. Ал бізде жоғары кәсіптік депутаттары «мемлекеттік тіл орыс тілі мен қазақ тілі» деп бекіттік болды. Сонда Мұхтар Шаханов мінберге шығып, «Құрметті депутат мырзалан екі тіл мемлекеттік тіл ретінде қабылдана, бұдан кейін қазақ тілі орыс

тілдің мәртебесін, мерейін кім көтереді? Өзіміздің тілді өзіміз қорғамасақ, орыстар келіп қолға алмайды ғой. Сондықтан әрбір біз өзімізден бастауымыз керек. Аты-жөнін қазақшалауды ұлтжанды, қазақ тіліне жанашыр мекемелердің қызметкерлерінен бастап керемет болар еді. Қазіргі кезде болмашы дүниені де челлендуге айналдырып жүр. Соның орнына тегімізді қазақшалауды бір-бірімізге ұсынып, соны неге ұйымдастырмасқа? Мәселен, менің дипломыма Садуақас Аңсақов деп жазылған. Оны қазақшалап, Садуақас Аңсақ қылдым. Мұның ешқандай зияны түліп жүрген жоқ. Тегімізді қазақшалаудан қорықпағанымыз абзал, – деді С.Аңсақ.

тура келеді деп ойлайды. Бұл қаншалықты рас? Осы жөнінде тиісті мамандардан сұрап білген едік.

– «Ұлтты қазақ азаматтардың тегі мен әкесінің атын жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 2 сәуірдегі № 2923 Жарлығына сәйкес, ұлты қазақ адамдар, қалайтын тегін, әкесінің атын мемлекеттік немесе орыс тілінде көрсетіп, еркін нысанды өткізіп жүріне алады. Бұл ретте, тегіндегі қазақ тіліне жат «-ов, -ова», «-ев, -ева», «-ин, -ина» жұрнақтар алып тасталып, тегі мен әкесінің атының түбірі сақталып, бір уақытта әкесінің атын жазғанда олардың орнына жыншысына

ғана. Ал қалған құжаттарыңызды, яғни туу туралы куәлігіңіз, диплом, неке куәлігіңізді, т.б. ауыстырудың қажеті жоқ. Себебі компьютерде тегіңізді ескіше теріп қараса да, жанама жеке куәлік бойынша қараса да бір ЖСН (ИИН) шығып тұрады. Сол ЖСН (жеке сәйкестендіру нөмірі) арқылы оның қай жерде де бір адам екені дәлелденеді. Ал мерзімі аяқталған құжаттарыңыз болса (жүргізуші куәлігі, т.б.), оларды сол мерзімі біткенде ауыстыруға жөн, – дейді «Азаматтарға арналған үкіметті» мемлекеттік корпорацияның облыс бойынша филиалы Халыққа қызмет көрсету бойынша қалалық №1 бөлімі басшысы Алтынбай Миманов.

Жақында «Ана тілі» газетінде Үміт Битенова жазған «Аты-жөнімізге қазақша жалғаны қажет» деген мақала жарық көрді. Мұнда ол өз ұсынысын ортаға салды. Мақалада жаңа туған нәрестелерге беріліп жүрген есім мен тегіне де тоқталған. Мәселен, Нұртөре Төрмұрат оның қайсысы есім, қайсысы тегі екенін білу қиын. Құжатта негізі – Төрмұрат Нұртөре Төртұра деп жазылатыны ақиқат. Енді анықтан алыңыз. Көбіне есімін айттым деп тегін айтпай жатады. Мұндай жағдайлар жиі кездесіп жүр. Расында осы мәселені де қолға алып, халыққа түсінікті тілмен жазу керек. Мәселен, Үміт Битенова жазған мақалада «Әке атын керек етпейтін құжаттарда: әйел жыншысты фамилия «Үміт Битеннен» немесе «Үміт Битендік», ал ер жыншысты фамилия «Арман Битентегі» болады» делінген.

Байқағанымыздай, тегін қазақшалауға көпшіліктің пікірі әртүрлі. Десе де ешкімнің қарсылығы жоқ. Тек олар арнайы тапсырма күтіп жүргендей. Қалай болғанда да тегімізді түзету мәселесін қолға алатын уақыт келген секілді. Ендеше, Үкімет пәрменін күтіп жүргеніне неге өзімізден бастамасқа... Сіздің ойыңыз қалай?

Ақмарал ОЛЖАБАЙ

ТЕГІҢІЗ ҚАЗАҚША МА?

тілінің көлеңкесі болып қалады» деп ашық айтты, мемлекеттік тілдің қазақ тілі болуы керектігін жеткізді. Одан кейін де қанша тілалас-тартыс болып, сондында мемлекеттік тіл – қазақ тілі болып бекітілді. Алайда әлі күнге орыс тіліне деген құлдық санадан артыла алмай келеміз. Соның салдарынан бүгінге дейін орыс тілі басымдық танытып кетеді. «Тіл мерейі – ел мерейі» дегендей, қазіргі уақытта мемлекеттік тілдің мәртебесін биік ұстау бағытында түрлі шаралар өткізілуде. Десе де толық қазақшалануға мүмкіндік болмай отыр. Әл де сол мүмкіндікті дұрыс пайдалана алмай жүрміз. Мәселен, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары үлкен серпін болып, мемлекеттік мекемелер, бастауыш ұйымдары қазақшалады. Одан кейін біртіндеп тілге деген құрмет әлсірей бастады. Әсіресе, Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларында балабақшадағы кішкентай балаға дейін орысша сөйлейді. Енді қараңыз, осыдан кейін мемлекеттік

Расында бір адамның басында бірнеше құжат бар. Оның бәрін өзгерту тіпті мүмкін емес. Сондықтан да бұл мәселеге ешкімнің бас қатырғысы келмейтіні анық. Бір жағынан еліміздегі қағазбастылық пен қарапайым халықты сандалтып алауда мұнда жүгіртіп қойғаны тағы бар. Алайда халық көп шоғырланатын орындарда «Тегіңізді қазақшалауға қалай қарайсыз?» деген ұранмен түрлі шаралар өткізіліп, қазақшалау жолдары түсіндірілсе, он адамның біреуіне болса да ой салары анық. Мән-мағынасы жоқ, жалаң акцияларды ұйымдастыра бергеніне осындай маңызды бар дүниелерді қолға алған жөн секілді. Осы мәселені әріптестер арасында да жан-жақты талқыладық. Сондағы ұққанымыз тегін қазақшалаудан ешкім де қашпайды. Керісінше бәрі де бірауыздан келісті. Дегенмен көбісі оның жұмысы көп екенін алға тартады. Өйткені, бізде жеке куәлікті өзгертсек, осыған сәйкес барлық құжаттарды – диплом, үй-жай, көлік, басқа да мүлік құжаттарының бәрін ауыстыруға

қарай «құлы», «қызы» жалғаулары бірге қосылып жазылады. Осыған орай тегін қазақшалағанда азаматтың тегі мен әкесінің атының түбір негіздері сақтала отырып, қазақ тіліне тән емес әффикс алынып тасталады. Сондай-ақ әкесінің атын жүргізуде қазақ тіліне тән емес әффикс орнына әкесінің есіміне адамның жыншысына қарай «ұлы» немесе «қызы» деген жалғау жалғанады. Өтінше мына құжаттардың бірі қосымша беріледі: туу туралы куәлік (жеке басты куәландыратын құжаттарды алғаш рет алған кезде) және ауыстыруға жататын жеке куәлік, паспорт. Тегі мен әкесінің атының жазылуы қазақ халқының қалыптасқан дәстүрлеріне сәйкес өзгертілген ұлты қазақ адамдар өтініш білдірген жағдайда, паспорттар мен жеке куәліктерді олардың бұрынғы тектері мен әкелерінің аттарын ұсынылған туу туралы куәліктерге сәйкес бұрынғыдай жаза отырып рәсімдеуге болады. Сонда байқасаңыз, тегіңізді ауыстырар кезде, сізге керек болатын құжаттар, ол жеке куәлігіңіз

Басы 1-бетте

СЕССИЯ

Кеше қалалық мәслихаттың кезектен тыс VIII сессиясы өтті. Оған қала әкімі Ғанибек Қазантаев, қала әкімінің орынбасарлары, сала басшылары және БАҚ өкілдері қатысты.

Күн тәртібінде 5 мәселе қаралды.

Алғашқы мәселе бойынша «2021-2023 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы» қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Гүлнар Баймаханованың баяндамасы тыңдалды. Ол қала қаржысының және салық түсімдерінің қалай жүзеге асып жатқандығына тоқталды.

– Жыл басында жұмсалатын қаржының орындалуы туралы нақты жоспар әзірленді. Осыған орай бюджет белгіленді. Қала көлемінде жасалатын жұмыстарға республикалық және облыстық бюджеттен қаржы қаралып, оның орындалуы қатаң бақылауда болады. Біз бүгінгі сессияда қалалық бюджетті нақтыладық. Күн тәртібінде тұрған келісіміз мәселердің түйінін тарқатуда жұмыстар жүйеленуде. Барлық атқарылу шаралар ел игілігі үшін жасалуда, – дейді қалалық экономика және бюджетті жоспарлау бөлімінің басшысы.

Аймақ басшысы өңірде вирустың тәулігіне 100-ден астам жағдай анықталып, індеттің өрши түскенін қаперге салып, сақтық шараларын қатаң түрде күшейтуді тапсырды.

– Республика бойынша үнділік «Дельта», оған қоса «Дельта плюс» штаммы тіркеліп, қазіргі таңда облысымызда кен таралууда. Жағдай өте ауыр. Былтыр осы кезеңде облысымызда коронавирустың инфекциясынан өлім-жітім саны көп болғаны белгілі. Был қайтыс болған адамдардың жылдық асы өткізілуде және тойлар кеңінен өткізіліп жатқандығы туралы мәліметтер түседі. Қазіргі кезде тойханаларда той өткізілуде. Атап айтсақ, «Арнау паласы», «Бак-Сарай» мейрамханаларында отбасылық шаралар өткізіледі. Алайда олар мониторингтік топтардың назарынан тыс қалған. Дәл осындай шаралар аудандар көлемінде де өткізілуде. Сондықтан мониторингтік шаралардың жұмысын қатаң түрде күшейту қажет, – деді облыс әкімі.

Облыс аумағында эпидемиологиялық жағдай туралы баяндама жасаған облыстық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаментінің басшысы Динара Жаңабегенова ағымдағы жылдың наурыз айындағы мерекелік күндерден кейін сәуір айында ауру санының күрт жоғарылап, тәуліктік тіркелімі артқанын жеткізді. Мұнан бөлек департамент басшысы әлі де еске алмаған жекелеген санатты азаматтардың вирус жұқтыру қаупі жоғары екенін, ал ұжымдық вакцина алған қызметкерлердің аурушандық деңгейі төмендеп келе жатқанын тілге тиек етті. Сондай-ақ бас мемлекеттік санитарлық дәрігер қала тұрғындарының аурушандық көрсеткішінің жоғары болуы себепті Қызылорда қаласы үшін жаңа қаулы қабылданып, күшейтілген түрде сақтық шаралары жүргізіледі. Соған байланысты демалыс күндері қарым-қатынасты мейлінше шектеу үшін локадау шаралары енгізілді.

Жыны барысында облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сабит Пазилов ауруханалардағы төсек орындармен қамту және жаппай вакцинау жұмыстары барысын баяндады. Жүктемнің артуына байланысты коронавирус індетін емдеуге арналған инфекциялық төсек орындар саны 3 есеге ұлғайған.

– Қажеттілікке қарай инфекциялық және провизорлық стационарларда төсек орынын қоры 3200-ге дейін ұлғайтуға мүмкіндік бар. Сонымен бірге 518 орны

ҚАЛА БЮДЖЕТІ ҚАЙДА ЖҰМСАЛАДЫ?



Сессияда айтылғандай, Сабалақ саяжайы тұрғындары үшін жағымды жаңалық бар. Сабалаққа кіреберіс жолға «Әуежай» трассасынан соңна дейін түнгі жарық шамдарын орнатуға қаржы бөлінгені айтылды. Сонымен қатар Қорқыт ата көшесінен Қажымұқан көшесіне дейін және қала орталығындағы Бөгенбай батыр көшесінен «Ақмешіт Сырдария» мешітіне дейінгі аралықтағы жолдарға жарық шамдар жүргізілетіні сөз болды. «Көлік инфрақұрылымын дамыту» бағдарламасы аясында Белкөл кентіндегі теміржол арқылы өтетін жаяу жүргіншілер көпірі

құрылысын бастауға арнайы қаражат қарастырылғаны айтылды. Алайда депутат Жорабек Нұрымбетов бөлінген қаржы көпір құрылысына жетпейтінін айтып, бұған қосымша республикалық бюджетке сұраныс жіберу қажеттігін жеткізді.

Тағы бір атап өтерлігі, депутаттар қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Гүлнар Баймаханована сірескен сандарды қарапайым тілмен сөйлетсе деген ұсыныс тілектерін жеткізді.

Қала әкімінің аппарат басшысы Жанмұрат Сейілов

«Қызылорда қаласының әкімшілік-аумақтық бірлікті басқару схемасын бекіту туралы» Қызылорда қалалық мәслихатының 2021 жылғы 26 наурыздағы шешіміне өзгертулер енгізу туралы атап өтті. Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі басшысының міндетін атқарушы Айгүл Қиясова мекеме тарапынан жұмыссыздық деңгейін азайту мақсатында атқарылып жатқан жұмыстар жайын айтып берді.

Келесі кезекте мәслихат мінберіне көтерілген қалалық

ішкі саясат бөлімінің басшысы Парасат Жаңабегенов «Қоғамдық кеңес» мүшелерінің бос тұрған орындарына қайта толықтыру туралы пікірін жеткізді. Депутаттар бұл ұсынымды әлі де қайта қарау керектігін айтты.

Сессия барысында депутаттар Ерлан Мұсаев, Жорабек Нұрымбетов, Айгүл Мұсаева, Талғат Телеубаев өз пікірлерін ортаға салып, әлеуметтік нысандарға ағымдағы жөндеу жұмыстарына бөлінетін қаржы көздерін қадағалау керектігін қадап айтты. Шаһар көлемінде атқарылатын жұмыстар сапалы және уақытылы атқарылуына баса назар аудару қажеттігін жеткізді.

– Депутат ел үмітін ақтауда аянып қалмасы анық. Сіздердің көздеген мақсат-мүдделеріңіз менің ұдайы назарымда. Екінші жарты жылдықты да бастап кеттік. Биылға жоспарланған жұмыстарды жыл аяғына дейін бітіруге күш жұмылдыруымыз керек. Бірлесіп атқарған іс нәтижесін береді, – деді қала әкімі Ғанибек Қонысбекұлы сессияда сөйлеген сөзінде.

Сессияда халық қалаулылары белсенді. Барлығының мақсаты бір. Өздері сайланған оқу ретінде мәселелеріне билік назарын аударып, оң шешілуіне ықпал ету. Оның орындалуы әрине, қаржыға байланысты.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

СЫР СҮЛЕЙІ

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

МӘЗКӨЖАЕВ МҰРАСЫ

Жыр өлкесінің перзенті ретінде жыраулар шығармасын жастайымыздан жаттап жетілдік. Оның философиялық мән-маңызын түсініп, тағылымды ойымызға түйдік. Жыраулардың қайсыбір шығармасын алып қарасаңыз да түпкі ойы мен көтерген мәселесі ұрпақ тәрбиесі, ел болашағына бағытталды.

Біз бүгін сөз еткілі отырған шайыр – «Көрұғлы» эпосын халыққа кеңінен насихаттаған жампоз жырау, даңқты ақын Рахмет Мәзкожаев. Ол 1881 жылы Сырдария ауданы, Амангелді ауылында дүниеге келген. Шайырдың өлеңі мен орындаған жыр-дастандары ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының Мұхтар Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақталып отыр.

Рахмет Мәзкожаев ұзақ жылдар бойы өндіріс бригадирі болып жұмыс істеген. Еңбектің қайнаған ортасында жүрсе де шығармашылық қабілетінен бір сәт те қол үзген емес. Қайта жаңа туындылар жазып, елді талантына тәнті етті.

Өткен ғасырдың 60-70 жылдары айтыстары мен терме, өлеңдері арнайы жинаққа еніп, топтастырылып шығарылды.

Халық ақыны Нартай Бекежанов басқарған эстрадалық бригада құрамында өнер көрсетіп, соғыс жылдарынан кейінгі ел көңілін жыр-терме, ән-күй тербеп, халыққа рухани қолғау көрсетті. Бірнеше мәрте республикалық ақынды айтысына қатысып, жеңімпаз атанған. Ол қандай тақырыпта жырласа да жұртының мұн-мұқтажын, жеткен жетістігін көркем тіл, кестелі сөзбен суреттей білді. Мұражай қорында сақталған шығармалар қатарында «Халық алдында салатын жырларым», «Терме», «Фермадағы малшы маман», «Қызыл сиырдың арызы», «Алтынға», «Малдарды шақыру», «Академияға арыз» деп аталады. Эпик-жыршының орындауында хатқа түсірілген «Қолбарыс мінген ұры», «Сұрмерген», «Үш жігіт», «Жеті ашық», «Шаһзада батыр», «Ораз молда», «Күдері мен Үлбике» «Үсен тазша мен Ақжарқын сұлу» атты шығармалары әлі күнге дейін өз құндылығын жоймай келеді. Бұл рухани мұраның терең танымын білдіреді. Әрине, жыршы орындаған халық ауыз әдебиет үлгілері мен оның төл туындылары мұнда да көп болғандығына сөз жоқ.

Бүкіл түркі жұртына кең тараған 4465 жолдан тұратын «Көрұғлы» дастанын 31 жасында жаттап алған. 1973 жылы Рахмет Мәзкожаевтың нұсқасы бойынша «Көрұғлы» дастаны жеке кітап болып басылып шыққан. Бұл жыр дастанын жырау 5 салаға бөліп, 14 түрлі мақамға салып жырлаған деген дерек айтылады. Осыдан кейін оның есімі ел арасында кеңінен таныла бастайды.

«Жылында мың тоғыз жүз жетпіс үшті,
Атандым «Халық ақыны» Рахмет жыршы.

Қолға алып домбыраны шырқағанда,
Қанушы еді тыңдағанның құлақ құрышы». Ақын өзін осылай бағалады. Бұл елдің берген бағамымен толық үйлесімді.

Шайыр бірде «Ортақшыл» колхозының ауыспалы ту ауына байланысты концерт берді. Сонда сыр сүлейі:

– Ал «Ортақшыл», құтты болсын жалауын,
Мандайына алтын туды қадауын.

Жалғыз өзің отыз колхоз алды боп,
Бәрекелді, бөйге атындай жарауын.

Мен айтайын «Ортақшылда» бір істі,
Канал бітсе берді құдай ырысты.

Құдай қалап «Қырық байтаққа» су барса,
Егейік біз бидай, арпа, күрішті», – деп түйіндейді.

Жыраудың осындай ерекшеліктеріне мән берген ұлы жазушы Мұхтар Әуезов 1958 жылы Алматыға арнайы шақыртып, оның орындауындағы «Көрұғлы», «Шаһзада», «Шаһнам», «Фархад-Шырың» сияқты бірнеше шығармаларды таспаға түсіріп алған.

Сыр сүлейінің жыр қорында «Қобыланды», «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қым Қиғаш», «Мұңлық-Зарлық», «Шаһзада», «Қыз Жібек», «Шаһнама», «Жүсіп-Зылиха» тағы басқа да қисса дастандар болғаны айтылады. Ол заманында саясатты, еңбекті айрықша жырлаған жақсылықтың насихаттаушы, дәуірінің үгіттеушісі бола білді. Сондықтан ел арасында оны көпшілігі «тірі энциклопедия» деп те атаған.

Саналы ғұмырын өнер мен білім жолына арнаған шайырдың есімі ел есінен ешқашан ұмытылмақ емес. Рахмет Мәзкожаев 1976 жылы 95 жасында дүниесіз қалды. Ізін жалғастырар мектебі бар.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

ІНДЕТ КҮШЕЙІП ТҮР



«ҚОҢЫР-ҚЫЗЫЛ» АЙМАҚ ПАЙДА БОЛДЫ

ҚР Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2021 жылғы 29 шілдедегі №33 қаулысымен, Қазақстанда «қоңыр-қызыл» аймақ пайда болды.

«Қоңыр-қызыл» аймақ – тәуекел деңгейі өте жоғары аймақ (инфекциялық төсек орындармен тоқтырылу көрсеткіші 70 проценттен жоғары және 100 мың тұрғынға шаққанда 200-ден астам төсек-орынмен тоқтырылу көрсеткіші кезінде), – деп түсіндірілген Қаулыда.

Осыған сәйкес, 2 тамыздан бастап «қоңыр-қызыл» аймақта демалыс күндері шектеу шаралары енгізіледі. Оның ішінде Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Атырау және Қарағанды қалаларында 2021 жылғы 2 тамыздан бастап «Ashyq» жобасына қатыспайтын барлық кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметі тоқтатылады. Сондай-ақ ойын-сауық, спорттық және басқа да бұқаралық іс-шараларды, сондай-ақ отбасылық, естелік іс-шараларды өткізуге тыйым салынады. Сонымен бірге мемлекеттік органдардың (ұйымдардың), кенеселердің, ұлттық компаниялардың және өзге де ұйымдардың қызметкерлерінің (вакцинацияланған және соңғы 3 ай ішінде ауырып сауыққан адамдарды қоспағанда) 80 проценті үшін қашықтықтан жұмыс істеу нысаны сақталады.

Ақмарал ҚАДЫРХАНҚЫЗЫ

Басы 1-бетте

«АДАЛДЫҚ КІТАПХАНАСЫ» – ОҚЫРМАНҒА СЕНІМ

Қазіргі ақпараттық технология мен өмірдің барлық саласының цифрлануы, әлеуметтік желілердің үстемдігі заманында кітап оқу мен кітапхана ісінің дағдарғандығы туралы алып-қашпа пікірлер көп-ақ. Алайда Әбілді Төжібаев атындағы Қызылорда облыстық әмбебап ғылыми кітапхана қызметкерлерінің оқырмандарға қызмет көрсету мәдениетіне қарап, ондай сүресіз ойлардан бойындызды еріксіз аулақ ұстайсыз. Әсіресе, абонемент, оқу залы, мерзімді басылымдар секторларының

қызметкерлерінің оқырмандарға мүдделі де шынайы қызметіне тәнті болғаныңыз сондай, бірден шығармашылық ахуалға кіресіз. Абонемент бөлімінде оқырмандардың өз күштерімен ұйымдастырылған «Адалдық кітапханасы» бұрышының жұмысы тәжірибе аларлықтай. Бұл оқырмандардың өзара кітап алмасып, пікірлесуі үшін ашылған кітап бұрышы. Адалдық деп аталатын себебі, оқырмандардың алған кітаптарына ешқандай есеп жазба жүргізілмейді. Олар саналы түрде

алған кітаптарын қайтарып отырады. Мен кейде

– «Кітапхана бұрышындағы кітаптар саны азайып қалған жоқ па?» – деп әдейі әзіл-шыны аралас сұраймын. – «Жоқ, қайта кітаптардың саны артып келе жатыр», – деген жауап аламын.

Оқу залында да оқырмандар үшін барлық жағдай жасалған. Ең бастысы кітапхананың мен оқырманның арасындағы өзара түсіністік. Көп жағдайда оқырманның кеңес алып жатқан

сәттеріне куә боламын. Қайткен күнде де оқырмандардың өзіне қажетті әдебиеттерді тауып жатқанын байқаймыз. Ол үшін оқу залында кітапхана қорында бар кітаптардың тізімі жасалған арнайы «РАБИС», «ВебРАБИС» бағдарламалары қызметінің орны ерекше. Әпсізге іздеген кітабыңыздың бар-жоғы туралы толық мәлімет аласыз. Оқу залының қызметі мұнымен шектелмейді. Көп жағдайда интернет арқылы іздеген кітаптардың анықтамалық мәліметтерімен оқырмандарды қамтамасыз

етіп отырады. Жақында өткен жылдардағы жергілікті газеттердің тігіндісін іздегенім бар. Мерзімді басылымдар секторының қызметкерлері іздеген басылымдарымды ыждаһаттылықпен іздеп, тауып берді. Кейбір мерзімі ұзақ басылымдарды кітапхана қорынан емес, облыстық архив қорларынан табуға болатындығы туралы мен үшін құнды мәліметтер берді. Иә, мәдениет ошағы – кітапханада жұмыс істеу үлкен мәдениетті талап етеді.

БАХМЕТБЕК

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы

БАЙҚАУҒА!

БІР СИЫР – БІР МАГНИТОФОН

Осыдан отыз жыл бұрын... Небәрі 10 жаста екенмін. Еліміз Тәуелсіздік алып бір жағынан қуанса, екінші жағынан алаңдаулы күйге түскен.

Тәуелсіздік деген қасиетті ұғымды, ақ түйенің қарны жарылған күнді халқымыздың газырлар бойы аңсап күткенін сезіне қоятын жаста емес едім.

«Өз күніңді өзін көр» деген заман туды. Елде жекешелендіру басталды. Ауылда не бар, бәрі жекеге беріліп, жыл сайын мемлекетке тонналап астық өндіріп беріп, үкіметтен уақытлы сыйақысын, айлығын алып отырған ауыл қазағы енді кімге сенерін білмей қалды. Ел ішінде береке кетті. Жөкшылқыпен бірге ұрлық, небір қылмыстар да көбейді. Ертенгі күніміз бұлдыр еді. Шынын айтқанда халық қалай күн көрерін білмей теңселіп кеткен заман болды. «Балапан басына, тұрымтай тұсына» деген осы болар. Өмір бойы үкіметке арқа сүйеп келген халық ешбір дайындықсыз «нарықтық экономика» заманына енді де кетті.

Алаңсыз ойнап жүрген небәрі 10 жастағы мен де бұл қиындықты сезбедім десем өтірік айтқаным болар. Ауылда жарық жоқ, айлық жылдап берілемейді, малдың құны тіптен түсіп кеткен, сатсаң ақша болып жарытпайды.

Малдың құны түсіп кеткенін мына бір оқиғаман дәлелдеп берсем деймін. Бұл оқиғаны менің бауырларым да ұмытпаған болар.

Бір күні үйге жылмаңдаған екі коммерсант келді. Сол кездегі саудаман айналысатын пысықайларды коммерсант дейтін едік. Қолдарында ұзын магнитофон. Екі жағында дыбыс күшейткіші бар және жарқ-жүрқ ететін кайтерсіз. Сол кезде магнитофон арқалап жүру санға айналған. Екі ағам мен тәтем ер жетіп өсіп қалған. Бала болсақ та біз де сол магнитофонды алғмыз келіп қызығып бара жатырмыз.

– Аға, (әкемізді аға дейтін едік) алайықшы, – деп әкеміздің бұнына түсіп, қиылып қоймаймыз ғой және де. Әкем өте балажан адам. Бірақ жақсы көргенін білдіртпейді. Балаға ешқашан қол жұмсамаған, анда-санда «айналайын» деп қана қоятын.

Әкеміз бен анамыз біздің көңілімізді қимады.

Ал магнитофонның құны – бақандай бір сиыр. Ол сиырды сойсаң бір қысқа азық, саусаң сүті тұмақ екені белгілі ғой. Таразының бір басында осы жай тұрса, екінші басында әкеге қыла қараған балапандардың көз жанары. Әкем мен анам өшпен ойлана келе магнитофонды алуға шешім қабылдады. Бұл шешімде «қиындық көріп өсіп келе жатқан балаларымыз бір қуансыншы, мал да, дүние де баладан артық емес» деген ата-ананың шексіз махаббаты тұрды. Ал ақылға салған адамға әке-шешемнің бұл шешімі ақмақтың тірлігі болып көрінер еді. Қазір ойланп отырсам, әке-шешем біздерді қуанту үшін бағып отырған малын «құрбан» еткен екен.

Ал, малдың құнының осыншалықты төмен түскеніне бұдан артық қандай дәлел керек?! Қысқасы, қолдағы азын-аулақ мал пұл болып жарытпай, күн көріс үшін азық-түлік алуға тиын-тебегне сатылған.

Сол тоқырау жылдарында аналарымыз әр тоқсан (үш ай сайын) сайын балаға берілетін жәрдемақысы кезінде ғана патшаның мөріні (мамам ақшаны — «патшаның мөрі» деп атайтын еді) көріп, сол азын-аулақ ақшаны місе тұтқан.

Сол кездердегі қиыншылықтарды еске алсақ, қазіргі кездегі жоқ деген сөз құтырғандық деп білер едім. Базарда не керектің бәрі бар. Жұмыс көп, еңбек еткен адам аштан өлмейді. Ал 90 жылдары ақшаңа алатын зат болмай қалған, бәрі қат кез болды.

Біздің ауылдың тіршілік көзі – күріш. Кезінде мемлекетке тонналап астық тапсырған атақты ауыл еді ғой. Тоқырау жылдары жаз бойы күріш егіп, күзде соны сатып қана күн көрді. Айлық беретін үкімет жоқ, әркім өз әлінін тіршілік қылды. Дегенмен қашан да «ел іші алтын бесік», «елде болғанның ерніне тиеді» деген. Ауыл адамдары жаз бойы қартоп, жүз, сәбізін егіп алып, қолдағы азын-аулақ малымен күн көрді. Сиырын сауып, ағарғанын ішті. Әйтеуір, наннан тапшылық болмады. Қала баласы сияқты талонмен нан алу, ұзыннан ұзақ кезек дегенді көрмедік.

Ал қаладағы нанның кезегінің қандай болатынын көргенде «ауылдағы өмірім жұмақ екен-ау» деген кез де болған.

Халықтың «ашпыз» деп көшеге шықпай, бейбіт өмір сүруіне сол кездегі газет-журнал, көгілдір экраннан берілер ақпараттар да көп көмегін тигізді деп айта аламын. Біздің үйге апта сайын құшақ-құшақ газет, журнал келетін. Шынында сол кездегі журналистер қауымы мемлекетіміздің аяқтан тұрып, нығайтып кетуіне барынша адал қызмет еткен екен. «Бұл уақытша қиыншылық. Өтпейді кезеңдегі елдерде осындай қиындық болады екен. Алда бәрі жақсы болады» деп ауыл адамдары бір-бірін жұбаттып, басу айтып отыратын.

Токсаныншы жылдардағы қиыншылық, ертеңі не болады деген үмітсіздіктен халқымызды сабырлы, төзімді мінезі алып шықты.

Солардың ішінде менің де ата-анам болды. Шиеттіей баланы асырау үшін ешкімге де шағым айтпады. Таза, адал еңбегіне сүйеніп өмір сүрді. Барлық жұмыс қолмен жасалды. Әкеміз үн, күріш, көкөніс, бақша өнімдерінен кенде қылмады. Ал анам әкеміздің әкеліп бергенін үлгертіп отырды. Нан, тамақ бәрі ошаққа пісірілді. Ол кезде газ құрып кеткен. Тары түйіп, дирменге талқан тартып, тәттінің қат кезінде жүгері, бидай қуырып беріп жоқтан бар жасады. Киімді қолдан тікті. Ал электр жарығы жоқ кезде тоназдық пайдалана алмаған ауыл халқы етті қалай бұзбай сақтады десеңізші. Қазіргі күні тоназдықшысыз бір күнімізді де елестете алмаспыз. Жыртықты

жамап, қысқартып, қолдан жүн шұлық тоқып әйтеуір киімсіз де қылмады. Күз болса киіз басып жып-жылы төсеніш жасады.



Қыруар кірді қолмен жуды. Осы еңбектің басы-қасында қолғабыс беріп өзіміз де жүрдік. Сол жоқшылық, қиын заманда аналарымызға көмектесе жүріп еңбекпен шыңдалдымыз. Кейіннен есейген соң өмірден қандай да бір қиындық көрсек те, қыңқ демей көтере білуіміз, қай жерде жүрсек те маңдай терге ғана арқа сүйесек, бұл – сол тоқырау жылдарындағы көрген қиындықтың бізге берген өмірлік сабағы болған екен. Ал қазір балаларымызға сол замандардағы қиындықты айтсақ ертегі тыңдағандай болады.

Халық сол тоқырау жылдарында жақсы өмірдің келетініне сенді. Иә, расында молшылық заман келді. Қазір бейбіт заман. Бұл заманды жаман деуге болмайды. Әрекет еткен адам жақсы өмір сүруге болады. Не керектің бәрі бар. Қаласаң үйіңді хан сарайындай етіп салып ал. Қалай өмір сүргің келеді, өз қолыңда. Ашпаш деп көшеде жүргендер жайлау, тек мемлекетке арқа сүйегендер деп білемін. Қазір жоқ дегендер 90 жылғы тоқырау жылдарын еске алсын. «Аз әліңді, құмырсақ жолыңды біл». Қашан да өткен тарихын еске алып шүкіршілікпен өмір сүрген халықпыз.

Биыл Тәуелсіздік алғанымызға отыз жыл. Отыз жыл бұрынғы өмір мен қазіргі кезеңдегі халықтың тұрмыс-жағдайы жер мен көктей. Осы бір бандандықсыз, бостандықпен өмір сүрген Тәуелсіздіктің қадірін білесек екен. Ақ адал еңбегіне сүйеніп өмір сүрген адамды Құдай да жерге қартапайды.

Токсаныншы жылдардағы тоқырауды көптен бірге көріп, қиындық атаулыны місе тұтпай, артық дүние де жинамай, шиеттіей жеті баласының бәрін оқытып-шоқытып, бір-бір үйлі қылған ата-ананың саналы тұмыры бұған дәлел дей аламын.

Айгүл ТӘУШБАЕВА



THE WALL STREET JOURNAL.

ҚЫТАЙ КІМДІ ЖАҚТАЙДЫ?

«Бұған дейін де Бейжің ұзақ жыл тәліптермен байланыс орнатып келді. Ауғанстан жерінде лаңкестердің билігі нығайған сәтті қатынас қайта жанданып сала берген. Тәліптер Қытайды Пәкістанға ықпал ету құралы және экономикалық потенциалы жоғары серіктес есебінде пайдаланбақ. Ал Қытай болса, АҚШ-тан кейін Ауғанстанда бос қалатын ықпал вакуумын толтырып, «Бір жол, бір беллеу» жобасын жүзеге асыруды көздейді. Оған қоса пандемияға дейін Қытай, Ауғанстан, Пәкістан үкіметі Пеншавар мен Кабулдан өтетін автомагистраль құрылысын жүргізуге келіскен болатын. Сол үшін Қытай алдымен аймақтағы қауіпсіздікті сақтауға және лаңкестікті тоқтатуға құлықты.



Алайда Бейжің тәліптермен байланысты күшейтсе, Ауған билігімен арақатынасты ушықтыруы мүмкін. Ай басында Қытай қобасшысы Си Цзиньпин Ауғанстан президенті Ашраф Ғанимен телефон арқылы байланысып, екіжақты ынтымақты дамытуға шақырған еді. Сарапшылар Қытайдың тәліптер мен Ауған билігін ымыраға келтіруге жасаған әрекеті АҚШ-тың ойымен астасуы қажет деген пікірде.

Сонымен мақаладан аңғарғанымыз, Қытайдың содырлармен келіссөз жүргізуінің бірнеше себебі бар. Оған сауда жолы, аймаққа билік жүргізу, АҚШ-пен бәсеке секілді негізгі мақсат еңбек. Алайда Қытайды лаңкестерді «өз үйіне шақыруының» тағы бір мәні жасырулы. Ол – солтүстік-батыс аймақтағы ислам дінін ұстанатын азылдық ұлттарды бақылауға ұстау. Соңғы уақытта тәліптердің идеологиясы ел асып, Қытайдың мұсылман ұйғырлар қоныстанған Шыңжаң аймағына да сіне бастады. Жалпы Шыңжаң аймағы Ауғанстанға таулы өңірімен шектеседі. Соңғы уақытта Қытай билігі ұйғырлардың шетелде діни оқу оқып, елдің ішкі тыныштығын бұзуды көздейтінін жиі айтып келеді. Тіпті мұсылмандарды қатаң тәртіптегі лагерлерге қамау себебін де осымен байланыстырады. Сондықтан Қытай үкіметінің тәліптерге дегенін істетуге талпынуы елдегі радикалды бағыттағы мұсылмандардың айылын жазғанда қадамы деп түсініс болды. Содан болар, содырлар жетекшісі Абдул Ғани Барадар кездесу барысында Сыртқы істер министріне Қытайдың ішкі ісіне араласу «Талибаның» ойында жоқ екеніне сендірді.

«Қытайдың тәліптермен байланысын ел азаматтары әртүрлі қабылдауда. Бірі мемлекет қауіпсіздігі үшін содырлармен келіссөз жүргізу дұрыс десе, енді бірі лаңкестердің уәдеге беріктігіне күмән келтіреді. Қытайдағы «Global Times» таблоиды аталған басқосу Қытай қауіпсіздігі мен мүддесін қорғауға әсер етпей деген көзқараста. Цинхуа университетінің зерттеу бөлімінің басшысы Цинь Фэн болса, бізге берген пікірінде: «Бәрін уақыт көрсетеді. Тәліптер Шыңжаңдағы ахуал туралы немесе Қытайға қарсы ешқашан ресми мәлімдеме берген емес. Егер олар бізге берген уәдесінде тұрса, бәрі оның болатын секілді», – деді.

Ғасыр басында БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі «Талибан» тобын лаңкестік ұйым деп таныды. Содырлармен тікелей немесе жанама байланыс жасаған кез келген елді бейбітшілік жақтаушысы деп санамайтыныз білдірген-тұғын. Алайда бұл ортақ ұстанымды назарға алу соңғы уақытта сиреп кеткен секілді. Себебі қатарында 70 мыңға жуық қарулы ғана бар тәліптердің әлі күнге толық жеңіліс таппауы, өкілдерінің Ресей мен Қытайда ел кезіп, ресми сапармен жүруі астам мен күдікті көбейтеді.

Шыңдығында, «шаңырағымыз» бөлек болғанымен, жер шарындағы мәселеге бей-жай қарауға болмайды. Ақиқатқа тура көз тастау келер кеселдің жолын кесері анық. Ал қоздан таса қалдырақ, салқыны соғып, жалыны шарпып ықпалдан. Сондықтан сыртқы қауіпсіздікті ойлағанда Шығысқа да мойын бұрып қойған жөн.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған
Ереін ШАМШАДИН

ҮМІТ МОЛ, БӘСЕКЕ КҮДІК БАСЫМ

Жалпы жарыстың алғашқы күні, яғни Токио ойындарының ашылу салтанаты Қазақстан ұлттық құрамасы үшін табысты басталды. Олимпиаданың ашылу салтанатында спортшылар мен көк туды желбіреткен боксшы Қамшыбек Қоңқабаев пен жеңіл атлет Ольга Рыпакованың ұлттық нақыша негізделген арнайы киімі ерекше көзге түсіп, жергілікті БАҚ жарыса жаза бастады. Спортшылар қауым әлеуметтік желіде қос сандыққа жылы лебізін білдіріп, сүйсіне тілек білдірумен болды. Осылайша Әбілхан Қастеев атындағы Мемлекеттік мұражай өнерінің мамандары мен танымал модельер Виолетта Иванованың бірлескен жұмысы ел имиджін қалыптастырып, ел мерейін көтеруге мүмкіндік берді.

АЛҒАШҚЫ ЖЕҢІС

Дола басталғалы ұлттық құрама айтарлықтай жемісті нәтиже көрсете алмады. Алғашқы бөлім бәсекеге түскен дзюдошылар да көңіл көншітерілік жеңіс сыйлаған жоқ. Бабы келмеді ме, бағы жанбады ма, әйтеуір «ә» дегеннен спортшылар жарыс жолынан шығып, бірінші соң бірі жауырыны жерге тиоден таңбады. Аталған спорт түрінен Елдос Сметов ғана Токио Олимпиадасының қола жүлдесіне қол жеткізіп, ел күмәнін сейілткендей болды.

Сметовтың жеңісі де оңай келмеді. Алдымен Түркия, кейін Оңтүстік Корея балуанын жеңген балуан жартылай финалда жапониялық спортшы, үш дүркін әлем чемпионы Наохиса Такатага қосымша уақытта есе жіберді. Алайда 60 келі салмақта сынға түскен Елдос кінші финалда Нидерланд өкілі Торнике Цакалжоені жеңіп, көптен күткен алғашқы жүлде – қолаға қол жеткізді.

ҚОС ҚОЛА

Елдос Сметовтың алғашқы жеңісінен кейін ұлттық құраманың қарқыны күшейіп, зілтемір көтеруден екі бірдей спортшы қола медаль иеленді. Олар ауыр атлеттер Игорь Сон мен Зульфия Чиншанло болатын.

Зілтемірші Игорь Сон 61 келіге дейінгі салмақта сынға түсіп, жүлде көтеруде 131 келіні бағындырса, серпе көтеруде 163 келіні еңсерді. Жарыс жолында төрешілер Игорь Сонның екі мүмкіндігін есепке алған жоқ. Бұған банкер мен көрермендер қарсылық білдіргенімен, еш нәтиже шықпады. Осылайша қосайыс қорытындысы бойынша қазақстандық спортшы 294 келіні көтерді.

Сонымен қатар Зульфия Чиншанло да қола медальды еншілеу үшін біршама тер төкті. Ол жүлде көтеруде ең жақсы мүмкіндігінде 90 келіні көтерсе, серпе көтеруде бірінші тәсілі саналмады. Алайда зілтеміршінің екінші тәсілі сәтті болып, жеңіс тұғырына көтерілді. Нәтижесінде екі сайыс бойынша 213 кило салмақты еңсерген қазақстандық атлет қола жүлдегер атанды.

Төрешілер тарапынан ауыр атлеттерге жасалған ескерту мен мүмкіндіктерді есепке

алмау жағдайы қазақстандық жанкүйерлер арасында қызу талқыға айналды. Тіпті спортшылар да наразылығын білдіріп, төрешілердің кәсібилік танытпағанына налдық. Наразылыққа танымал зілтемірші Илья Ильин де үн қатып, отандастарға қолдау білдірген. Ауыр атлет «Instagram» әлеуметтік желісінде:

«Зульфияның көтерген салмағын санамады. Оған қысым жасап жатыр. Мүмкін оның спортқа оралғанын қаламайтындар бар шығар. Бұл жігіт-көшікті. 123 келі көтергенін есептемеді. Басында санап, кейіннен шешімдерін алып қашты. Екінші рет күші жетпеген шығар, алайда үшінші рет көтеругін ескермей қойды», – деді Илья Ильин.

Дегенмен қола еншілеген зілтеміршілер ел құрметінен құр алақан қалмады. Қазақстанның ауыр атлетика федерациясы Токио Олимпиадасының қола жүлдегерлері Игорь Сон мен Зульфия



Чиншанлоға жаңа Toyota Camry автокөлігін мінгізетін болды. Спортшыларға автокөліктің ҚР ААФ президенті Жанат Түсіпбеков жақын арада табыстамақ.

БОКС – БАСТЫ ҮМІТ

Расында, үкілеп қосқан спортшылардың басым бөлігі мәреге жетпей, жарысты тоқтатуда. Мысалы, теннис, ескек есу, жүзу секілді спорт түрлерінен қазақстандықтарға жеңістің ауылы алыстай берді. Содан болар, ел-жұрт ендігі үмітті боксшыларға артып, тақым қысып отыр. Мұнда да қазақ елі жеңістің ашы дәмін татып, сенген кей сандық сан соқтырды. Олардың арасында



Абылайхан Жүсіпов (69 келі), Василий Левит (91келі), Бекзат Нұрдәулетов (81 келі), Серік Теміржанов (57 келі) секілді спортшылар бар. Әсіресе, Василий Левиттің нокауты спортшыдан

бұрын, бокс мектебі қалыптасқан қазақстандық жанкүйерлерді есенгіреткені анық. Қазіргі таңда кей көрермен спортшылардың дайындығына сын айтып, кейбірі жеңілістің себебін банкерлерге артады. Дегенмен қайткен күнде де жеңісті күн туатын секілді. Себебі соңғы күндері Қамшыбек Қоңқабаев пен Әбілхан Аманқұлдың көрсеткен өнері жанкүйерге қайта күш бергендей.

Бүгінде бокстан Қазақстан командасының капитаны Қамшыбек Қоңқабаев 91 келден жоғары салмақ дәрежесінде өнер көрсетуде. Токиодағы алғашқы жекпе-жекте жеңіспен аяқтала боксшы ширек финалға жолдама алды. Қазақстандық боксшының ендігі қарсыласы ресейлік Иван Верясов болмақ. Қазақ еліне Токио төрінде көк туды желбіретіп, Әнуранды шырақтуға уәде берген Қамшыбек қалай болғанда да намысқа тырысып, қамшы басытынына сенімдіміз.

Келесі үміт күтер сандық – Әбілхан Аманқұл. Алғашқы кездесуін Өзбекстан құрамасының үздігі Фанат Кахромовпен өткізген боксшы тартысты өнер көрсетті. Әсіресе, бірінші раундта төрешілер бірауыздан жеңісті өзбек боксшысына берген болатын. Келесі раундта Аманқұл бар күшін салып, қарсыласын қыспаққа ала бастады. Жойқын соққыға шыдамаған өзбек боксшысы



шаршы алаңда есенгіреп, нокаутпен тіркеді. Ал соңғы кезеңде Әбілхан сәтті соққылар жұмсап, нәтижесінде төрешілер қазақстандық боксшыны жеңімпаз деп таныды. Келесі жұдырықтау мұнан да тартысты өтері анық.

P.S. Әзірге төрткіл дүние көз тіккен долада ел қоржынында небары 3 медаль бар. Бүгінде дзюдошы Елдос Сметов, ауыр атлеттер Игорь Сон мен Зульфия Чиншанло жеңіп алған қола ғана Қазақстанды 59-шы сапыда ұстап тұр. Алайда үміт те жоқ емес. Әсіресе, дүбірлі долада қазақстандық балуандар, жеңіл атлетшілер мен боксшылардың жүлделі ораларына ел сенімі жоғары.

Ереін БАЛТАБЕКҰЛЫ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптағы 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтінін, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, шабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4418 Тапсырыс №1102
Нөмірдің кезекші редакторы Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ